

"Балқаш – Бұрылбайтал" республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолын (жол учаскесін) ақылы негізде пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Көлік министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 22 сәуірдегі № 134 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2026 жылғы 23 маусымдағы № 157 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 24 маусымда № 39056 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН

1. "Балқаш – Бұрылбайтал республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолын (учаскесін) ақылы негізде пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі № 134 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36022 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қарағанды – Балқаш – Бұрылбайтал республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолын (учаскесін) ақылы негізде пайдалану туралы";

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қарағанды – Балқаш – Бұрылбайтал 247+700 км –2151+000 км (KAZ01) республикалық маңызы бар I-Б санатты Астана – Қарағанды (айналма жолмен) – Алматы (бұдан әрі – ақылы жол (учаске)) ақылы негізде пайдаланылады";

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жол жүру республикалық маңызы бар "Қарағанды – Қарқаралы – Аягөз", облыстық маңызы бар "Аягөз – Тансық – Ақтоғай – Лепсі – Матай – Мұралы – Үштөбе", республикалық маңызы бар "Көктал – Шонжы – Көкпек – Алматы – Құрты – Қонаев", облыстық маңызы бар "Құрты – Бақанас – Топар – Қаншеңгел" баламалы автомобиль жолдары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін;

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"ақылы жолдың (учаскенің) бастапқы пункті – 247+700 км, ақылы жолдың (учаскенің) соңғы пункті – 2151+000 км";

1-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"ақылы жолдың (учаскенің) ұзындығы – 645,64 км";

1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) Осы бұйрықты жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Көлік министрінің міндетін атқарушы

М. Калиакпаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасының
Көлік министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 23 маусымдағы
№ 157 бұйрығына
1- қосымша
Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің
міндетін атқарушының
2025 жылғы 22 сәуірдегі
№ 134 бұйрығына
1-қосымша

Ақылы жолдың (учаскенің) басқа автомобиль жолдарымен қиылысулар және басқа автомобиль жолдарына қосылулар тізбесі

Қиылысу және түйісу мекенжайлары км + метр	Белгіленген қиылысу және түйісу бойынша елді мекендердің атауы
Қарағанды облысы	
Бұқар жырау ауданы	
км 247+000	Сарыарқа ауылы
км 247+000	Атамекен ауылы
км 252+000	Курминка ауылы
км 257+000	Жұмабек ауылы
км 265+000	Спасск ауылы
Шет ауданы	
км 293+000	Ақбастау ауылы
км 305+000	Қызылқой ауылы
км 322+000	Нұраталды ауылы
км 326+000	Ақсу ауылы
км 357+000	Ақсу-Аюлы кенті

км 398 +000	Батыстау ауылы
км 451+000	Ақшатау кенті
км 475+000	Ақжал кенті
км 497+000	Машақ-Болыс ауылы
Ақтоғай ауданы	
км 544+000	Бетау-ата кенті
км 652+000	Гүлшат ауылы
км 698+000	Тасарал ауылы
Балқаш қаласы	
км 591+000	Балқаш қаласы
км 612+000	Торанғалық ауылы
км 617+000	Шұбартүбек ауылы
км 631+000	"Гольфстрим" демалыс аймағы
Жамбыл облысы	
Мойынқұм ауданы	
км 2035+608	Қашкентеңіз стансасы
км 2081+510	Мынарал кенті
км 2124+465	Үлкен кенті
км 2128+285	Шығанақ ауылы
км 2151+620	Бұрылбайтал ауылы

2Қазақстан Республикасының
Көлік министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 23 маусымдағы
№ 157 бұйрығына
2 – қосымша
Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің
міндетін атқарушының
2025 жылғы 22 сәуірдегі
№ 134 бұйрығына
2-қосымша

Ақылы автомобиль жолы (учаскесі) бойынша жүріп өту үшін төлем мөлшерлемелері

Қарағанды - Балқаш – Бұрылбайтал 247+700 км - 2151+000 км учаскесі (KAZ01)
Астана – Қарағанды (айналма жолымен) – Алматы жалпыға ортақ пайдаланылатын
республикалық маңызы бар автомобиль жолы (бұдан әрі – ақылы жол (учаске))

АЕК:

№ Р/с	Аймақ тар	Жеңіл автокөліктер	16 орынға дейінгі автобус тар және жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға (бұдан әрі – тн	32 орынға дейінгі автобус тар және жүк көтергіштігі 5,5 тн дейін ж ү к	32 орын нан асатын автобустар және жүк көтергіштігі	Ж ү к көтергіштігі 10 тн жоғары 15 тн дейінгі ж ү к	Ж ү к көтергіштігі 15 тн жоғары, оның ішінде тіркелгіш
-------	-----------	--------------------	---	--	---	---	--

[illegible]

[illegible]

16	к м 2035+ 800 - к м 2063+ 000 (27,2 км)	0,0228	0,0198	0,0578	0,0494	0,1140	0,0973	0,1710	0,1452	0,2296	0,1954	0,2858	0,2433
17	к м 2063+ 000 - к м 2104+ 800 (41,8 км)	0,0350	0,0304	0,0888	0,0759	0,1752	0,1495	0,2628	0,2231	0,3528	0,3002	0,4392	0,3738
18	к м 2104+ 800 - к м 2151+ 000 (46,2 км)	0,0387	0,0336	0,0981	0,0839	0,1937	0,1653	0,2905	0,2466	0,3899	0,3318	0,4855	0,4132
	Бір бағыт тағы бар лық маршр у т бойын ш а жиын ы (645,64 км)	0,5413	0,4691	1,3714	1,1729	2,7066	2,3096	4,0599	3,4464	5,4493	4,6373	6,7846	5,7741

1) абоненттік төлем – бұл жергілікті автокөлік үшін абонемент түріндегі белгілі бір уақыт кезеңіне автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген ақылы учаскелер бойынша жол жүру ақысы;

2) абоненттік төлем жергілікті көлік үшін көлік құралының түріне және жүк көтергіштігіне қарай белгіленеді:

бір айға (күнтізбелік 30 күн):

Көлік түрі	Жеңіл автокөліктер үшін	16 орынға дейінгі автобус тар ж әне жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға (бұдан әрі - тн)	32 орынға дейінгі автобус тар ж әне жүк көтергіштігі 5,5 тн дейін	32 орын нан асатын автобу стар және жүк көтергіштігі	Ж ү к көтергіштігі 10 тн жоғары	Ж ү к көтергіштігі 15 тн жоғары, оның ішінде тіркелгіш
------------	-------------------------------	--	--	---	---------------------------------------	--

		дейін жүк автомобильде рі үшін	ж ү к автомобильде рі үшін	10 тн дейін автопоездар үшін	15 тн дейінгі жүк автомоби льдері үшін	және ершікті тартқыштар үшін
1	2	3	4	5	6	7
Абоненттік төлемнің құны	қарастырылм аған	2 АЕК	4 АЕК	6 АЕК	8 АЕК	10 АЕК

бір жылға (күнтізбелік 365 күн):

Көлік түрі	Жеңіл автокө ліктер үшін	16 орынға дейінгі автобус тар және жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға (бұдан әрі - тн) дейін жүк автомобильде рі үшін	32 орынға дейінгі автобус тар және жүк көтергіштігі 5,5 тн дейін ж ү к автомобильде рі үшін	32 орын нан асатын автобу стар және жүк көтергіштігі 10 тн дейін автопоездар үшін	Ж ү к көтергіштігі 10 тн жоғары 15 тн дейінгі ж ү к автомобильде рі үшін	Ж ү к көтергіштігі 15 тн жоғары, оның ішінде тіркелгіш және ершікті тартқыштар үшін
1	2	3	4	5	6	7
Абоненттік төлемнің құны	1 АЕК	20 АЕК	40 АЕК	60 АЕК	80 АЕК	100 АЕК

3) аймақ – жүк көтергіштігі мен көлік құралының түріне байланысты өзінің ұзақтығы мен жол ақысының белгілі бір мөлшері бар ақылы учаскенің жол сегменті;

4) алдын ала төлеу – ақылы учаскеге кіргенге дейін пайдаланушы дербес шотқа және/немесе мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің шотына есептеген ақшалай қаражат , оның сомасы жол ақысын төлеу үшін жеткілікті;

5) жергілікті автокөлік – ақылы учаскеге іргелес әкімшілік-аумақтық бірлікте белгіленген тәртіппен бір ауданнан тысқары жерлерге көшкен кезде тіркелген автокөлік құралы.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЕК – айлық есептік көрсеткіш;

км – километр;

м – метр;

т – тонна.

Қазақстан Республикасының
Көлік министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 23 маусымдағы
№ 157 бұйрығына
3- қосымша
Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің
міндетін атқарушының
2025 жылғы 22 сәуірдегі
№ 134 бұйрығына
3- қосымша

Басқа автомобиль жолымен баламалы түрде жүре алмайтын, іргелес елді мекендердің тізбесі

Р/с №	Елді мекеннің атауы
Қарағанды облысы	
Балқаш қаласы	
1	Торанғалық ауылы
2	Шұбартүбек ауылы
3	"Гольфстрим" демалыс аймағы
Ақтоғай ауданы	
4	Гүлшат ауылы
5	Тасарал ауылы
6	Сарышаған ауылы
7	Приозерск қаласы
Жамбыл облысы	
Мойынқұм ауданы	
1	Қашқантеңіз стансасы
2	Мынарал кенті
3	Үлкен кенті
4	Шығанақ ауылы
5	Бұрылбайтал ауылы